

Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы ХХХІV сессиясының № 34/290 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қаңтарда № 2925 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 44/388 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 24.12.2015 № 44/388 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, өтініш берген сәтіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы ұсынылсын.

2. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына өтініш берген сәтіне тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын, бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

3. «Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы шешімді іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

34 сессия төрағасы: С. Райымбеков
Аудандық мәслихат хатшысы: С. Нүркенов

К Е Л І С І Л Д І :

« Қ а р қ а р а л ы а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж ә н е қ а р ж ы б ө л і м і »
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң б а с ш ы с ы

Б. Берниязов

« 2 4 » ж е л т о қ с а н 2 0 1 4 ж ы л

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК